

КОНСУЛЬТАЦИЯЛЫҚ ПУНКТ
МКҚК «Бөбек» балалар бақшасының ата-аналарға арналған консультациялық пункт

Мектепке дейінгі мекемеге балалары келмейтін ата-аналарға арналған Консультациялық кеңес пункті жұмыс жасайды. Балабақшаға келмейтін, бірақ баланы тәрбиелеу мен оқытуға , баланы дамытуға , баланың денсаулығын нығайтуға қажетті сұрақтар туындаған жағдайда , ата-аналарға кеңес беру.

Консультациялық пунктің жұмыс кестесі:

Дүйсенбі: 09.00-.14.00

Сәрсенбі: 14.00-.18.00

Консультация алуға мына телефонмен жазылуға болады: 87014175128

АКП жұмысының мақсаты мен міндеттері:

АКП қызметін құрудың және ұйымдастырудың мақсаты отбасылық және қоғамдық тәрбиенің бірлігі мен сабақтастығын қамтамасыз ету, ата-аналарға баламен психологиялық-педагогикалық қарым-қатынас жасаудың мазмұнын, құралдарын және тәсілдерін тиімді іріктеуді қамтамасыз етуге көмек көрсету, мектепке дейінгі ұйымдарға бармайтын балаларды жан-жақты дамытуға қолдау көрсету болып табылады.

Міндеттері:

Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу, оқыту, дамыту және сауықтырудың мәселелері бойынша отбасылық балабақшалар мен мектепке дейінгі ұйымдарға бармайтын балалардың мектепке қабылдануына тең мүмкіндіктерін қамтамасыз ету үшін ата-аналарына психологиялық-педагогикалық консультациялық көмек көрсету.

Бекітемін
 «Бөбек» балалар бақшасы
 МКҚК-ның меңгерушісі
 Г.Ж.Абдыбаева

2024-2025 оқу жылына арналған
 консультациялық пункт жұмысының жоспары

Консультация тақырыбы	Өткізу формасы	Өткізу уақыты	Мамандар
«Достар әлемі»	Балабақшаға саяхат	Қыркүйек	МДҰ меңгерушісі
«Баланың балабақшаға бейімделуі»	Дөңгелек үстел		МДҰ меңгерушісі, Педагог-психолог
Диагностикалық жұмыс	Балаларды зерттеу	Қазан	КП мамандары
«Саусақтар демалады»	Консультация		Педагог-психолог, Логопед
«Кел, танысайық»	Дөңгелек үстел	Қараша	Педагог-психолог, Медициналық қызметкер
«Кішкентай көмекшілер» / ерте жастағы балаларды ұсақ моторикаға дамыту/	Ойын-сабақ		Тәрбиешілер
«Баламен тақырыптық серуендер»	Дөңгелек үстел	Желтоқсан	Әдіскер, Тәрбиешілер

Консультация тақырыбы	Өткізу формасы	Өткізу уақыты	Мамандар
«Алақан-жұдырық» /мозайка/	Ойын- әрекеті		Дене шынықтыру бойынша инструктор
«Көзді ашып-жұмған қандай қызық» /есту ынтасын дамыту/	Ойын- әрекеті		Логопед
«Денсаулық, күн тәртібі»	Дөңгелек үстел	Ақпан	Медициналық қызметкер, Педагог-психолог
«Балық аулаймыз» /баланың эмоциялық жағдайы/	Дөңгелек үстел		Педагог-психолог, Тәрбиеші
«Бала кітапшасы»	Дөңгелек үстел		Тәрбиеші
«Өзім туралы не білемін?» /сөйлеуді дамыту/	Ойын- әрекеті	Сәуір	Әдіскер, Логопед, Тәрбиеші
«Ал, қанекей, ойнайық»	Семинар-практикум		Әдіскер, Тәрбиеші
«Дос болайық бәріміз» /балалармен қимыл-қозғалыс ойындар/	Ойын- әрекеті	Мамыр	Дене шынықтыру нұсқаушысы
«Түрлі-түсті пирамида» /Ермексазбен жұмыс/	Ойын- әрекеті		Тәрбиеші
Ата-аналар үшін бойынша консультациялар	Консультациялар, практикумдар, балаларды зерттеу	Жыл бойы	Тәрбиеші, КП мамандары

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
«Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығы базасында әзірленген « Мектепке дейінгі біліммен қамтылмаған балалардың ата-аналарына арналған консультациялық пункттер құру бойынша әдістемелік ұсынымдар» (Нұр-Сұлтан, 2021ж) ҚР БҒМ «Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығының Ғылыми-әдістемелік кеңесінде қаралып, ұсынылған (2021 жылғы 29 наурыздағы № 3 хаттама). негізге ала отырып қосымшалары қолданысқа алынады.

«Бөбек» балалар бақшасының ата-аналарға арналған консультациялық пункт

Адам баласы – өмір бойы педагогикалық, психологиялық көмекке зәру болмақ, әсіресе оның нәрестелік, сәбилік, балалық шақтарында ауадай қажеттілік деп айтсақ та болады. Баланы тәрбиелеу алғашқы негізі отбасында қаланып, балабақшада әрі қарай жалғасын табады. Сондықтанда баланы тәрбиелеу, дамыту және білім беруде отбасы мен балабақшаның бірлескен өзара тығыз байланыста, яғни ынтымақтаста болуы маңызды.

Қазіргі кезеңде бала тәрбиесі жүзеге асыруда тәрбиеленудің дұрыс жолын табу үшін ата-аналармен семинар-кеңестер, тренингтер, отбасына саяхат, кездесулер, сауалнамалар ұйымдастырудың үлкен көмегі бар.

Адамгершілік қасиетті бала бойына сіңіру балабақша мен ата-аналардың педагогикалық ынтымақтастығы арқылы жүзеге асырылады.

Балабақша мен ата-ана ынтымақтастығының негізгі бағыттары:

- Ата-аналардың педагогикалық, психологиялық сауаттылығын арттыру;
- Баланың биімділігі мен отбасылық қажеттілігін есепке алу;
- Баланы мектепке даярлауды ата-аналарға көмек көрсету бойынша жұмысын жүргізу.

Отбасымен педагогикалық ынтымақтастық - орнату барысында ата-аналарға арналған консультациялық пункт «Бөбек» балабақшасында 2019 жылдың қыркүйек айынан бастап ашылды. Ата-аналардың сұраныстарын толық қанағаттандыру мақсатында, балабақшамызда бала-бақшаға бармайтын балалар және олардың ата-аналарына тегін кеңес беретін жұмыс ұйымдастырылды. Ол үшін балабақшаға қараған территориялық 3 жастан 6 жасқа қараған балалардың тізімдері жинақтап жасалды. АКП-ға ұйымдастырылмаған жұмысты жасайтын педагогтар мен жұмыс жоспары құрылды, міндеттер бөлініп берілді, балабақша әдіскері А.М. Кембаеваға АКП жұмысын жүргізу тапсырылды. Ата-аналарға арналған консультациялық пункт – бұл ең бала, ата-ана, педагог арасындағы ынтымақтастық, балабақшаға бармайтын үйдегі тәрбиедегі балаларды ортаға тарту және мектепке даярлау үшін ұйымдаспаған балалары бар жанұямен өзара қарым-қатынасты орнату. АКП қызметін мамандар тарапынан интеграциялау барсында сараптама жасалып, меңгеруші, әдіскер, медбике, жетекші мамандар және топ

тәрбишілері тартылып міндеттері белгіленді. АКП жұмысында - педагогикалық, медициналық сауықтыру, психологиялық педагогикалық бағыттарын қамтиды.

Ата-аналарға арналған консультациялық пунктті ұйымдастырудың формалары: жеке, топаралық , топтық.

1. Ұйымдастырушылық. АКП-ға тілек білдірген ата-аналарды қамтиды.

2. Үйретушілік. Ата-анамен жүйелі жұмыс жасау.

3. Қорытындылаушы. Баламен психологиялық-педагогикалық жұмыс қорытындысын шығару.

1. Сауалнама жүргізу - бала мен отбасы туралы төмендегі бөлімдер бойынша деректер алуды қарастырады, бала туралы жалпы мәлімет, анамнестикалық деректер, отбасының баланың дамуына әсері, отбасының мамандармен ынтымақтастыққа дайындығы сипаттамасы.

2. Лекциялық-ағартушылық жұмыс мынадан тұрады:

– тәрбиенің нақты жағдайларында баламен әрекеттестіктің әртүрлі формаларын қолдану бойынша ұсыныстар;
- отбасы жағдайында психологиялық-педагогикалық жәрдем беру.

3. Көрнекілік-ақпараттық жұмыс-тақырыптық кітаптар көрмесі, ақпараттық стенділер, ата-аналармен жиналыс өткізу.

Үйретушілік кезең отбасыны психологиялық-педагогикалық қызметке рет-ретімен тартуды қарастырады.

Міндеттері-мектепке дейінгі балалар дамуының психикалық , дене және сөйлеу дамуы проблемалары туралы жалпы білімін кеңейту, отбасында баламен жұмыс істеудің кейбір педагогикалық тәсілдеріне үйрету , мектепке даярлық біліктері мен дағдыларын қалыптстыру және баланың отбасылық тәрбиесі барысында тіл дамытуға баулу.

Бұл кезеңдегі педагогтер қызметінің нәтижесінде —балалардың жан-жақты дене жағынан, жеке басының және зияткерлік дамуындағы бірлескен жұмыстағы ата-аналардың өз рөлін дұрыс түсінуі, балаларда мектепке даярлығының қалыптасуы, сондай-ақ оларды мектепке дейінгі балалар дамуының бастапқы білімдерінің болуы қарастырылады.

АКП кеңес беру-ұсыныс жасау қызметі мамандарының басты қызметі – тақырыптық кеңес беру, отбасы сағаты, жеке және топтық сұхбаттар, кеңестер берулер, ата-аналарды түрлі мамандар сабақтарына қатысуға шақыру.

Көрнекілік-ақпараттық формасы- мектепке даярлық бұрышын, жылжымалы папкаларды безендіру.

Үйретуші кезеңідегі АКП мамандары қызметінің нәтижесі- ата-ананың отбасында баламен қарым-қатынас жасау негіздерін меңгеруі, бала мінез-құлқындағы жеке бастық өзгерістерін саналы түрде бағалауға байланысты біліктерінің қалыптасқандығы.

Қорытынды кезең төмендегі міндеттерін шешеді:

- баланың отбасымен жұмыстың тиімді тәсілдерін анықтау;
- ата-аналардың үйрету барысында алған білімдерін балаларын дамыта оқыту және
- оларды мектептік маңызды дағдыларды қалыптастыруда пайдалануға дағдыларды;
- ата-аналардың мамандар ұсынған тапсырмаларды үй жағдайында орындауына бақылау жасауда әртүрлі формаларды қолдану.

Сөзімді қорыта келе: балабақшаларда АКП-ны ұйымдастыру мектепке дейінгі барлық балалардың дамуы үшін қолайлы жағдай жасауға, отбасылық тәрбиеде қателіктердің орын алуына жол бермейді және ата-аналардың педагогикалық мәдениетін көтеруге жәрдемдеседі.

АКП шараларына қатыса отырып, ата-аналар өздерінің бала тәбиесі тақырыбында білімдерін көтереді, өз баласымен қарым-қатынас жасауды үйренеді, оның жеке басын, мүдделері мен талаптарын сыйлауды, отбасылық қарым-қатынас қиыншылықтарын жеңе білуді, өзінің педагогикалық сауаттылығын арттырады. АКП 3 жылдық жұмысын сараптай келе жетістіктеріміз:

1. Балабақша, ата-ана, педагогтар арасында тығыз қарым-қатынастың орнауы.
2. Педагогтар білімінің көтерілуі.
3. Тәжірибе алмасу.
4. Балалардың балабақшаға келгенде ортаға тез бейімделуі.
5. Балалардың өз құрбы құрдастарымен қарым-қатынас жасауы және мектепке психологиялық дайындығы.

Балалар – ел болашағы келешектің иесі. «Жаста берген тәрбие жас шыбықты игендей», - дейді халқымыз. Бүгінгі қоғам мүдесіне лайықты, жан-жақты жетілген бойына ұлттық сана мен психология қалыптасқан парасатты азамат

тәрбиелеп өсіру баршамыздың міндетіміз. 12 жылдық білім беру табалдырығын аттағалы тұрған сәтте ұрпақ болашағына жауапкершілікпен барынша көңіл бөліп, қолдағы бар мүмкіндікті жасау біздер ата-ана мен педагогтар, басты міндет екенін естен шығармау парызымыз.

АКП жұмысы арқылы баланың қанағаттану деңгейі мен тәрбиешінің жұмысының сапасын арттырады, ол төменгі жағдайларға негізделеді: өзара сапалы қарым-қатынас, өзара сыйластық, әлемге деген түсіністік көзқарас және оның тиімділік ықпалын ұзақ уақыт бойы сезіну, бір-біріне серіктестік барлық қатысушыларға жағымды әсер ететіндей болуы тиіс, сонда ғана тәрбие мен білім беру нәтижесіне жетеді .

АКП жұмысы балабақша мен отбасының өзара ынтымақтастығына және тәрбие жұмысының әлеуетін арттыруға бағытталған жұмыс жоспары негізінде, ата-аналардың педагогикалық және психологиялық және медициналық сауаттылығын көтеру, оқыту үшін жүреді. Ол үшін ата-аналармен тығыз қарым-қатынаста жұмыс жасайтын мамандар қызметін интеграциялау қажет. Балабақшамызда тәжірибелі мамандардан құрылған топ бала, ата-ана, педагог арасындағы ынтымақтастықты қалыптастыратын басты тұлғалар. Ата-аналарға берілетін әрбір кеңес, әңгімелесу, тесттер, анкеталар, ашық есік күні, байқаулар, ермектік ойын - сауықтар , жарыстар т,б шаралар ата-аналар үшін тиімді және түсінікті болу басты шарт. АКП жұмысында ата-аналар қалауы бойынша 3 формада жұмыс жасайды жеке, топтық, топаралық. АКП ата-аналарды педагогикалық үрдіске тарту арқылы бала тәрбиесінің мақсат, міндеттерінің түсінуіне, бала тәрбиесін ойдағыдай іске асыруына ықпал етеді. Ата-ана баланың мүмкіндігін ескеру, сонымен қатар кідіріс те болдырмау керектігін түсінеді. Ата-аналардың педагогикалық мүмкіндіктерін анықтайтын жағдайлардың кешені өз деңгейінде болу қажет. Олар отбасының тұрмыстық жағдайы, құрылысы және отбасы мүшелерінің саны, психологиялық жағдайы, мәдени білім деңгейі, ата-ана өнегесі. Ата-аналарды ұйымдастырылған оқу іс әрекеттеріне қалыптастырудың маңызды нәтижесі ата-аналар өз балаларының оларға тән емес ортадағы қылығын, оның басқалармен қалай араласуын, білім деңгейін, құрдастарының оған деген қарым-қатынасын зерттей алады. Өз баласының дамуы басқалардан артта қалған жоқ па, балабақшада ол үйдегідей емес, өзін басқаша ұстауын еріксіз салыстырады. Бәрін мен дұрыс істеймін бе, неге менде тәрбиелеудің өзге нәтижесі қалыптасқан, неге үйрену керек деген сұрақтар «іске қосылады».

АКП педагогтары арнайы жабдықталған бөлмелерде ата-аналар балалардың логикалық ойлау қабілеті, интеллектуалдық дарындылығы, есте сақтау қабілеттері түрлі логикалық, сенсорлық ойындар арқылы баланың шығармашылық қабілеттерін қалай дамыту керек екенін әр түрлі іс-әрекеттер арқылы көрсетеді. Шығармаларды, ертегілерді, әңгімелерді еске түсіріп сөйлеу шығармашылығын дамыта отырып, театрлық көрсетулер ұйымдастырады. Балалар шығармашылығын дамытуды қалай және қай жастан бастау керек екенін мамандар арқылы кеңес алады. Ата-аналармен жүргізілген жұмыстарда ата-аналар балалар болып жұмыстар жасайды. Үш жыл қатарынан жұмыс жасап келе жатқан АКП пунктіне келген әр ата-ананың сұранысы орындалып жыл соңында мамандар тарапынан сараптама жасалып отырады. АКП бізге не береді:

- Серіктестік пен ынтымақтастық негізінде отбасы мен мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында балаларға қойылатын біркелкі талаптармен біріңғай білім беру кеңістігін қамтамасыз ету;
- Балалардың отбасы мен мектепке дейінгі ұйымдарда психикалық-физикалық денсаулығын қамтамасыз ету;
- Баланы мектепке даярлауды қамтамасыз ету;
- Отбасы жағдайында жеке тұлғаны қалыптастыру, дамыту мен тәрбиелеу мәселелері бойынша тәжірибе алмасуды қамтамасыз ету;
- Балалармен бірлескен шығармашылық іс-әрекет түрінде қамтамасыз ету.
- Баланың ортаға тез бейімделуі, құрдастарымен қарым –қатынасын нығайту.

«Еліңнің келешегін айтайын, бүгінгі тәрбиелеген балаңды көрсет» деп Төле би айтса, «Ел болам десек - бесігіңді түзе» деп М.Әуезов айтқандай нақты түйіндеген серіктестік пен ынтымақтастықтың негізінде балабақшамен қамтылмаған балалары бар отбасы мен мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында балаларға берілетін талаптар нақты болған жағдайда бала, ата-ана, педагог ынтымақтастығы орнайды. Тәрбие жүйелі және нәтижелі болады.

1. Жалпы ереже

1.1.Үйде тәрбиеленетін мектепке дейінгі жастағы балалардың ата- аналарына арналған консультациялық пункт (заңды өкілдерге) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын мектепке дейінгі ұйымдар базасында ұйымдастырылады (одан әрі - МДҰ).

1.2. Консультациялық пункт мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын мектепке дейінгі ұйымдардың құрылымды бөлімшесі болып табылады.

1.3. Консультациялық пункт мектепке дейінгі ұйымдарға бармайтын (6) 7 дейінгі балалардың ата-аналарына (заңды өкілдерге) арналып құрылады.

1.4.Осы ереже мектепке дейінгі ұйымдар базасында іске қосылған консультациялық пункттің қызметін реттейді.

1.5. Консультациялық пункттер мектепке дейінгі жастағы баланың дамуы мен тәрбиесінде ата-аналарға көмек көрсету формаларының бірі болып табылады.

1.6.Үйде тәрбиеленетін мектепке дейінгі жастағы балалардың ата- аналарына (заңды өкілдердің) арналған консультациялық пункт қызметі өтеусіз негізде жүзеге асырылады.

1.Консультациялық пунктмақсаттары мен міндеттері

2.1. Отбасылық және қоғамдық тәрбиенің сабақтастығы мен бірлігін қамтамасыз ету, ата-аналарға баламен өзара психологиялық-педагогикалық қарым-қатынастың түрлері мен әдістерін, мазмұнын таңдау тиімділігін қамтамасыз етуде психологиялық-педагогикалық көмек көрсету, мектепке дейінгі мекемелерге бармайтын балалардың тұлғалық жан-жақты дамуын қолдау.

2.2. Консультациялық пункттің басты міндеттері:

- мектепке дейінгі жастағы балалардың тұлғалық жан-жақты дамуы бойынша ата-аналарға (заңды өкілдерге) әдістемелік көмек көрсету, мектепке дейінгі жастағы балаларды әлеуметтендіруге ықпал ету;
- ата-аналарға (заңды өкілдерге) мектепке дейінгі ұйымдарға бармайтын(6) 7 дейінгі балаларды оқыту, тәрбиелеу сұрақтары бойынша консультациялық көмек көрсету;
- ата-аналарға (заңды өкілдерге) диагностикалық көмек көрсету, мектепке дейінгі жастағы бала дамуындағы мәселелерді танып-білу және диагностикалау;
- мектепке дейінгі жастағы балалардың физикалық, психикалық және әлеуметтік дамуында кездесетін әртүрлі ауытқулардың алдын-алу жұмысын жүргізу;

3. Консультациялық пункт қызметін ұйымдастыру

3.1. Консультациялық пункт қызметі аясында жүзеге асырылады:

- диагностикалық көмек - баланы психологиялық-педагогикалық зерттеу, баланың жеке ерекшеліктері мен қабілеттерін, потенциалдық мүмкіндіктерін, сондай-ақ әлеуметтік бейімделу, дамудағы бұзылу механизмдерін және себептерін анықтау, баланың келешек дамуы мен тәрбиесіне ұсыныстар жасақтау;
- консультациялық көмек – психологиялық, әлеуметтік, педагогикалық консультациялау, ата-аналарды бала дамуының физиологиялық және психологиялық ерекшеліктері, тәрбиелік іс-әрекеттің басты бағыттары, кризисті жағдайлардан шығу туралы хабардар ету;
- әдістемелік көмек – ата-аналарды (заңды өкілдерді) ағарту, оларды педагогикалық әдістер мен тәсілдер туралы ақпараттандыру, ата-аналардың педагогикалық мәдениетін, жанұядағы жағымды қарым-қатынастарды формалау; бала дамуының жеке ерекшеліктеріне негізделген коррекциялық және дамыту технологияларымен таныстыру.

3.2.Консультациялық пункттің басты формалары ата-аналар (заңды өкілдер) өтініші бойынша қажетті жеке және топтық консультациялар жүргізу, жазбаша өтініш бойынша сырттай консультациялар беру, ата-аналар (заңды өкілдер) үшін лекциялар, теориялық және тәжірибелік семинарлар ұйымдастыру, МДҰ сайты арқылы консультациялар мен әдістемелік ұсыныстар беру, балабақша мамандарымен мектепке дейінгі жастағы балаларды диагностикалау.

3.3. Консультациялық пункт ата-аналарға (заңды өкілдерге) төмендегі сұрақтар бойынша консультациялық және әдістемелік көмек көрсетеді:

- мектепке дейінгіжастағы балаларды әлеуметтендіру;
- балалардың жас және психофизиологиялық ерекшеліктері;
- ұйымдастырылған ойын іс-әрекеті;
- бала тамақтануын ұйымдастыру;
- балаларды сауықтыру және шынықтыру үшін жағдайлар жасау;
- білім беру бағдарламаларын таңдау.

3.4.Консультациялық пункт ата-аналарға (заңды өкілдерге) келесісұрақтар бойынша диагностикалық көмек ұсынады:

- балаларды мектепкедейінгі ұйым жағдайына бейімдеу;
- мектепте оқытуғадаярлық;
- балақабілеттері мен жеке дамуы ерекшеліктері;
- мектепке дейінгі жастағы балалардың физикалық, психикалық және әлеуметтік дамуында кездесетін әртүрлі ақытқулардың алдын-алу.

3.5. Әдістемелік, диагностикалық және консультациялық көмек көрсету мамандар қызметін интеграциялау негізінде құрылады: тәрбиешілер, аға тәрбиеші, меңгеруші, медициналық қызметкер, психолог, логопед жәнебасқа мамандар.

Консультациялық пунктке тартылған мамандар мектепке дейінгі ұйым түрімен, оның кадрлық құрамымен анықталады.

3.1. Консультациялық пункт қызметін жүргізу үшін келесі құжаттар қажет:

- ата-аналардың алдын-ала тіркелу журналы;
- өткізілген іс-шаралар кестесі және сабаққа қатыс журналы;
- консультациялық пункттің жұмыс жоспары;
- консультациялық пункт жұмысының кестесі;
- бір жылғы жұмыс сараптамасы.

3.2. Консультациялық пункттің жұмыс уақыты мектепке дейінгі ұйым меңгерушісімен бекітіледі.

3. Консультациялық пунктті басқару және жетекшілік ету

3.1. Консультациялық пунктті тікелей басқару мектепке дейінгі ұйым меңгерушісімен жүзеге асырылады.

3.2. Мектепке дейінгі ұйым меңгерушісі консультациялық пункттің әрбір қызметкерінің лауазымдық (функционалдық) жауапкершіліктерін анықтайды.

4. Консультациялық пунктте білім беру процесіне қатысушылардың құқықтары мен жауапкершіліктері

4.1. Консультациялық пунктте білім беру процесіне қатысушылар-балалар, ата-аналар (заңды өкілдер) және мектепке дейінгі ұйымның педагогикалық қызметкерлері болып табылады.

4.2. Консультациялық пунктке қатысушы әрбір баланың құқығы, әлеуметтік кепілдіктері бала құқығы туралы ООН Конвенциясына сәйкес, ата- ана мен мектепке дейінгі ұйым арасындағы келісім-шарт арқылы анықталады.

4.3. Консультациялық пунктте жұмыс жасайтын әрбір қызметкердің құқығы, әлеуметтік кепілдіктері Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес, консультациялық пункт ашылған мектепке дейінгі ұйым жарлығымен, жұмыс беруші мен қызметкер арасындағы еңбек шартымен, лауазымдық нұсқаулықпен анықталады.

